

**АЛАШОРДА ТАРИХЫ: ШЕТЕЛДІК ДЕРЕК КӨЗДЕРІНДЕ**

Баком Ира E-mail: bakom.irra@mail.ru тарих мамандығының I курс магистранты  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.д., профессоры – Ахмет А.Қ.

Ұзаққа созылған отаршылдық үстемдік дүниежүзілік тарих ғылымының жетістіктерін пайдалана отырып, қазақ халқының шынайы тарихын жазуға мүмкіндік бермеді. Отаршылдық тәртіптің идеологиялық сақшылары Қазақстанның қоғамдық ғылымдарын Батыстың қоғамдық ой-пікірінен барынша қорғап, оқшау ұстап келді. Батыс ғалымдары біздерде «ақтаңдақтар» ретінде есептеліп келе жатқан, бұрмалаушылыққа ұшыраған мәселелермен соның ішінде халқымыздың ұлт-азаттық қозғалысы, Ресей империясының отарлау саясаты, «Алаш» және «Алашорда», XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ашаршылық тарихымен көптен бері айналысып келеді. Белгілі тарихшы-ғалым, шоқайтанушы К.Л.Есмағамбетовтың (1938-2016) «Қазақтар шетел әдебиетінде» кітабы [1] қазақ халқы тарихын зерттеуге қосылған елеулі еңбектердің бірегейі. Халқымыздың тарихы АҚШ, Англия, Франция, Түркия, Германия т.б. зерттеліп, әр түрлі еңбектерде жазылып, таралып келген. Бірақ бұл еңбектер әуелі ресейлік, одан кейін кеңестік империялық отаршылдық саясат ықпалымен қазақтардың өздерінен жасырын, құпия жағдайда кітапханалардың көпшілік бара бермейтін арнаулы қорларында қалтарыста сақталып, қатаң бақылауда болған. Отаршылдық саясат қазақтың өзін-өзі қандай халық екенін, қандай тарихы бар екендігін білмей, өзге елдердің өткені мен бүгінін қызықтап, соларға еліктеп өсіп-өркендеуіне «бағыттады». Төл тарихымызды тек «орыс терезесі» арқылы көріп үйренгеніміз жасырын емес. Сондықтан да Көшім Лекерұлы кітабының құндылығы сонда Алаш һәм Алашорда тарихына қатысты шетел ғалымдарының әр уақытта әр тілде ағылшынша, неміс, француз тілдерінде жарық көрген материалдарының берілуі. Бұл материалдарда қазақ елін отарлау саясаты, 568 Кеңес империясының бодандық бұғауы қыспақтары, 1917-1919 жылдардағы отарлық шынжырдан шығып кету жолындағы Алашорданың алғашқы аяқ алыстары, халқымыздың аяулы да айбарлы қайраткер ұлдары өмірі мен өнегесі туралы көп мағлұматтар алуға болады. Алашорда тарихына қатысты құнды пікірлер АҚШ-тың Колгейт университетінің профессоры Марта Брилл Олкоттың «Қазақтар» атты монографиялық зерттеуінде ерекше орын алады. М.Б.Олкот монографияның «Кеңес империясының құрамында» тарауында: «1917 жылғы Ақпан революциясы туралы хабарды қоғамның барлық жіктері қошметпен қарсы алды. Қазақтар Уақытша үкіметі қолдады және көптеген оқыған жастары қазақтың ұлттық – Алашорда партиясын құрып, өздерінің мүддесіне сәйкес жұмыстар жүргізді. Қазақтардың басым көпшілігі жаңа большевиктік режимді қолдаудың қиын екенін түсініп оның орнына Алашорда автономиялық үкіметін құру жолын таңдайды. Даланы 1917 жылғы желтоқсаннан 1919 жылдың ортасына дейін басқаруға қадам жасаған бұл үкімет большевиктік басшылықтың орнығуына кедергі жасау мақсатында ақтардың талай күштерімен бірігіп күресіп келді», - деп Алашорданың қиын-қыстау кезеңдегі ұстанған тактикасы жөнінде тұжырым жасайды [1, 122-123 б.б.]. Зерттеуші ғалым еңбегінде Міржақып Дулатов пен Ахмет Байтұрсыновтың екеуі де Қазақтың тәуелсіз де автономиялы мемлекетін құруға үндеді деп тарихи әділ бағасын берген. «Мәскеудің Қазақ автономиясы жөніндегі саясаты мен нақты іс-қимылдары әлі де күдік, талас-тартыс туғызып келеді, Міржақып Дулатов қазақтардың большевиктермен бірігуіне қарсы шығып, неғұрлым ашық дауыс көтергендердің бірі болды; ол «Кім – дос, кім – жау» деген мақала жазып, оны «Сарыарқа» газетінде (1918 жылғы 3 наурыз) бастырады [1, 140 б.], мақалада большевиктер

патша мен христиан миссионерлері сияқты үлкен жау болып табылады, өйткені олар Қазақ автономиясы идеясы мен Алашорданың ерікті жолмен сайланған мүшелерінің билігіне шабуыл жасады деп өз көзқарасын білдіреді. Зерттеуші қазақ зиялыларының арасында өзара алауыздықтың болғандығына назар аудара отырып, былайша жазды: «Алашорда мүшелері 1918 жылғы сәуірге дейін Ленин мен оның серіктестерін қолдауға бола ма деген мәселе жөнінде пікір жарыстырып келді. Сәуірдің ортасында Халел Ғаббасов Мәскеуге келіп, Сталинмен жолығады. Араларында келіссөздер жүріп жатқанда Сталин 1918 жылғы 21 наурызда Тоғысовтың өзінің атына жіберілген жедел хатын алады, онда Тоғысов «контрреволюцияшыл» Ғаббасовты тұтқынға алуды ұсынып, қазақ қауымы ішінде большевиктердің мүддесін тек «Үш жүз» партиясы ғана іске асыра алатындығын мәлімдейді, өйткені «Үш жүз» Ленин идеяларын басшылыққа алады деп қосады. Жеделхаттың Тоғысовтың жетесіздігін бейнелейтіндігінен өзге бірдемеге қатысы болды ма, болмады ма, болжау қиын, өйткені ол ешқашан Лениннің сеніміне ие болып, немесе жауапты тапсырмасын орындап көрген емес. Сталиннің Ғаббасовпен арадағы пікірталасы сәуірде нәтижесіз үзіледі, себебі Ғаббасов большевиктер мен қазақтардың алдына қойған мақсаттарының бір-біріне қайшы келетіндігіне және большевиктік биліктің өмірінің қысқа екендігіне күмән келтірмейді», - дейді [1, 140 б.]. Бұдан шығатын қорытынды «ұлтшылдардың» көзқарастары большевиктермен мүлдем тоғыспайтындығы айқын байқалады. Елдегі саяси оқиғалардың шиеленісуіне орай қалыптасқан жағдайға ғалым былайша баға береді: «...Солтүстіктегі большевиктердің күші аз ғана мың адамнан тұратын және олар европалық Ресейде бөлініп қалған болатын; партизандық ұрыстар поездар мен керуендер қозғалысын тежеп, дала арқылы өтетін коммуникацияларды істен шығарды, сондықтан 1919 жылғы мамырда Семейдегі Алашорда мен оның Оралдағы (Жымпитыдағы) комитеттері өз алдарына дербес қызмет атқаратын орталықтар болып, екіге бөлінуге мәжбүр болды» [1, 142 б.]. Кеңестік деректердің ұзақ уақыт бойы Қазақ автономиясын құрудағы алғашқы тәжірибенің болмысын үнемі қаралап келгендігі себепті қазақтың өзін-өзі басқарып, еңсе көтергені туралы әрекеттердің ізіне түсу мүмкін емес. 1918 жылдың жазында Алашорда үкіметі өзінің әкімшілік құқын ойдағыдай ұстап, қазақ халқына өз билігін тұрақтандырып 569 келе жатқандай көрінді. Алайда, большевиктердің Шығыс майданын ашу туралы шешімі ұрыс қимылдарын күшейте түсуге әкеліп соқтырды деген пікірге келеді. Шетелдік ғалымның мына бір дәйегі назар аударарлық «Бес жылдан кейін азамат соғысының тарихы жөнінде Тұрар Рысқұлов былай деп жазды: «Алашорда өзінің құрылғанының алғашқы жылдарында прогресшіл де революцияшыл күш болды және оларды қалың бұқара халық қолдады. Рысқұловтың өз көзімен көрген дәлелдері ерте тұста большевиктерді қолдаған қазақтардың қазақтың қалың бұқарасынан бөлініп қалғандығын ашық айтқызып отыр. Бұл большевиктердің жеңісі туралы хабарды халық бұқарасы қуана қарсы алды деп қақсап келген кеңестік дәстүрлі тарихнамаға әрине қайшы келді» [1, 135 б.]. Ғалым бұл мәселеде өте орынды пікір білдіргенмен ерекшеленеді. 1953 жылы ағылшын тарихшысы У. Коларц «Россия және оның отарлары» (Лондон, 1953) атты еңбегінде: «Төңкерісті Ресей империясының барлық ұлттары атынан сөйлеуге тырысқан орыс большевиктік партиясы ғана ұйымдастырды. Ұлттық аймақтардағы халық мүддесіне жат большевиктердің жеңісі Армениядағы дашнактар, Әзірбайжандағы мусаватистер, Қазақстандағы Алашорда және Түркістандағы Шура-Исламия сияқты күштердің көзін құрту арқылы ғана мүмкін болды», - деген еді [1, 148 б.]. Большевиктер әу бастан үкімет басына қарулы төңкеріс арқылы келіп, өздерінің биліктерін ұлттық аймақтарда да қарудың күшімен орнатқаны белгілі. Өкінішке орай ұлт аймақтарындағы ұлттық саяси партиялардың іс-қимылдары кеңестік тарихнамада ұзақ жылдары бойы біржақты қара күйе жағылып, насихатталды. Оның мысалы 1950 жылы Бүкілодақтық Коммунистік (б)

партиясы Орталық Комитетінің баспа секторы тарапынан Қазақ КСР Ішкі істер министрлігіне қарасты Архив басқармасының 1948 жылы шығарған «Алма-Ата в период октября и в годы гражданской войны» (Летопись событий) атты кітабын талқылап және көпшілік пайдаланудан алып тастауға тапсырма берілгендігі [2, 76-78 пп]. Саяси қырағылықтың «авангарды» Қазақстан К(б)П ОК-ті өз тарапынан кітапта елеулі кемшіліктердің барлығын архив басқармасына ескертеді. Атап айтсақ, кітаптың I-тарауында революция жылдарында бұқара халықты ұйымдастыру және мобилизациялау шараларына байланысты жүргізілген жұмыстарға негізінен контрреволюциялық күштердің құжаттары енгізіліп, көп орын берілгендігі ерекше назарда ұсталды. Кітапқа бұл құжаттардың енгізілуіне байланысты республика архив басқармасының бастығы З.И.Чумак контрреволюциялық күштердің құжаттарын пайдалана отырып, олардың келісімпаздық, буржуазиялық, контрреволюциялық іс әрекеттерін әшкерелейтін қажетті құжаттардың енгізілуі себептерінің бірі сол тұстағы жергілікті большевиктік ұйымдар құжаттарының сақталмауына байланысты, «жау лагерьдегі» элементтердің құжаттарын пайдалануға мәжбүр болғандығымен білдіреді. Бұдан шығатын қорытынды архив органдарының археографиялық жұмыстары да партиялық «қырағылықтың» ерекше назарында болғандығына куә боламыз. Саяси зерттеу орталығы болып 1919 жылы құрылған АҚШ-тағы Гувер соғыс, революция және әлем институтының аға ғылыми қызметкері Р.Конквест «Соңғы империя» (Лондон, 1962) атты зерттеуінде: «Ресейдің саяси жағынан ыдырап кетуінен қауіптенген большевиктер азамат соғысы барысында күштерін жинақтап, өздерінің тәуелсіз мемлекеттерін құрған Азия халықтарының ұлт-азаттық қозғалысын күшпен басуға кірісті. Демократиялық және автономиялық республика құруға тырысқан қазақтардың ықпалды ұлтшыл ұйымы 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында Орынборда өткен съезінде «Алашорда» атты өз үкіметін құрды. 1918 жылғы 17 қаңтарда большевиктер әскерлері қалаға басып кірді, сонымен тәуелсіз қазақ мемлекеті қысқа ғана өмір сүрді», - деп әділ бағасын береді [1, 151 б.]. Ғалым «Ресейдегі тәжірибелер. 1931 жыл» (Питтсбург, 1932 жылы) еңбегінде: «Қазақстан 18-19 ғасырларда жаулап алынды, бірақ революция кезінде «Алаш» партиясының басшылығымен өзінің ұлттық өкіметін құрды, оны Қызыл Армия талқандады. Өлкеде коммунистік қозғалысқа еш негіз болмағанымен, кейбір Алашорда басшылары жаңа әкімшіліктің құрамына енгізілді». 570 Большевиктердің екіжүзді саясат ұстанғанын тағы бір шетел ғалымының төмендегі пікірінен нақты байқауға болады. «1917 жылға дейін-ақ Ленин өкімет үшін күресте Шығыстың маңызы зор екендігін атап көреткен. Отар елдердің халықтары болашақ дүниежүзілік революцияда шешуші рөл атқарады деп сеніп, ол ұлттардың өзін-өзі билеу ұранын бар күш-жігермен қолдады... 1917 жылы шілдеде қазақтар өздерінің Алашорда үкіметі арқылы саяси бағдарламасының ең маңызды талаптарының бірі ретінде территориялық автономия беру жөнінде мәселе көтерді. Автономия идеясы түркі халықтарын мазалап келген аграрлық мәселемен тығыз байланысты еді», -деп ұлттардың өзін-өзі билеу және жер мәселесінің өткір тұрғандығын Гарвард (АҚШ, Кэмбридж қаласы) университетінің профессоры Р.Пайпс «Кеңес Одағының қалыптасуы. Коммунизм және ұлтшылдық. 1917-1923 ж.ж.» аталатын еңбегінде атап өтеді [1, 151 б.]. Өз саясатында Кеңес өкіметі ұлттардың өзін-өзі билеу ұранын тек бет перде ретінде ұстанғаны тарихи ақиқат. Оның нақты мысалы «ерікті» Қазақ КСР басшыларының (Ж.Шаяхметов (1946-1954), Д.А.Қонаев (1960-1962, 1964-1986), Н.Ә.Назарбаевтан (1990-1991) басқаларының) өзге ұлт өкілдері болғаны. Профессор Р.Пайпс ұлтшылдардың саяси әлсіз жақтарына ерекше назар аударып, мынадай пікір білдіреді: «Большевиктер революцияға ұзақ дайындалды және өкімет басына келерде елді қалай билеу жөнінде толық түсініктері болды, ал ұлтшылдарда мұның бірі де болмады. Оларға идеологиялық шындалуға, саналы партия кадрларын дайындап шығаруға уақыт жетпеді. 1917 жылы ұлт

қозғалыстарында ауыз бірлік болмады, олардың консервативтік, либералдық және радикалдық ағымдарға бөлінуі тиісті нәтижелерге жетуге кедергі жасады. Ұлтшылдардың тағы бір әлсіздігі негізінен орыстардан және орыстанғандардан тұратын қала халқын өз жағына тарта білмеуінде, ал кейбір буындарда осыған ынтаның жоқтығында да еді...», [1, 152 б.] деп жазды. 1951-1953 жылдары Лондондағы түркология орталығының жетекшісі болған О.Кэроу «Кеңес империясы» атты еңбегінде: «Ұлтшылдық – шет ел империализмінен құтылудағы бірден-бір пайдалы ұран, сондықтан коммунистердің мақсаты ұлтшыл қайраткерлерден құтылу болып табылатындығын» ашық жазды [1, 154 б.]. Бұл келтірілген деректер арқылы Алаш және Алаш Орда тарихына шетел ғалымдарының сыни тұрғыдан қараған көзқарастарына қанық боламыз.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі** 1. Есмағамбетов К.Л. Қазақтар шетел әдебиетінде – Алматы: «Атамұра – Қазақстан», 1994. –240 б. 2. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА), 544-қор, 1 тізімдеме, 1145-іс.